

**«ЖАСЫЛ»
ЭКОНОМИКАҒА
ӨТУДІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
МЕХАНИЗМДЕРІ****ЭКОНОМИЧЕСКИЕ
МЕХАНИЗМЫ
ПЕРЕХОДА К
«ЗЕЛЕННОЙ»
ЭКОНОМИКЕ****ECONOMIC
MECHANISMS OF
TRANSITION
TO THE “GREEN”
ECONOMY**

ӘОЖ 338.484.(574)

З.Ш. Айтуғанова*, Г.К. Иляшова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: aituganova.z07@bk.ru

Экологиялық тәрбие мен білім берудің экономикадағы рөлі

Елдің экономикалық өзгерістерінің экология жағдайына ықпалын және экологияның экономикаға кері әсерін зерттеу, экологиялық мәдениет, қоршаған табиғи ортаға тау-кен өндіру өнеркәсібінің әсері, сонымен қатар басқарудың экономикалық әдістерін табиғатты қорғау шараларына қолдану сияқты мәселелер қозғалды.

Түйін сөздер: экология, экологиялық мәдениет, жасыл экономика, стратегия, қоршаған орта.

З.Ш. Айтуғанова, Г.К. Иляшова

Роль экологического воспитания и образования в развитии экономики

В статье рассмотрены такие проблемы, как влияния экономических перемен на экологию, экологическая культура, влияния промышленных отходов на окружающую среду.

Ключевые слова: экология, экологическая культура, зеленая экономика, стратегия, окружающая среда.

Z. Aituganova, G. Ilyasheva

The role of ecological education in the development of economics

The article deals with issues such as the impact of economic change on the ecology, ecological culture, the effects of industrial waste on the environment.

Keywords: Ecology, Ecological Culture, Green Economy, Strategy, Environment.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық бағытта даму ба-рысында мемлекеттің экономикалық өмірінде көптеген оң өзгерістер мен бетбұрыстар болып жатқаны мәлім.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»

атты ауқымды бағдарламасындағы «Жасыл экономикаға» өту тақырыбында мемлекеттік деңгейде көптеген жиындар өтуде және де білім беру сферасында да бірқатар ғылыми-конференциялар өтуде, соның бір мысалы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткізілетін осы «Экологиялық мәдениет пен қоғамның тұрақты

дамуының қазіргі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

Жасыл экономика дегеніміз – өндірістегі қалдықтардың өзінен өнімдер өндіре отырып қоршаған ортаға зиян келтірмеу, яғни қалдықсыз өндіріс деген мәселе, ол тіпті ел экономикасының кластерлік даму бағдарында да айқындалғанын білеміз. Қазақстан табиғи ресурстарға бай екендігін білеміз, ал осы жасыл экономика ұлттық байлықты оңды-солды шашып емес, үнемдеу арқылы пайдаға кенеліп, соны жүйелі түрде іске асырумен де өлшенетіндігін айқындауда. Табиғатты қорғау шараларын күшейте түсу, табиғи байлықтарды қорғау және олардың тиімді пайдалануды қадағалау, су ресурстарын басқару, балық, орман, аңшылық шаруашылықтары мен жаңартылатын қуат көздері саласын дамыту, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату ісін басқарудағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып-жүргізу міндеттері ҚР Қоршаған орта министрлігінің жұмыс жоспарына енгізіліп жатқанын көріп отырмыз.

Қазіргі уақытта әлемде экологиялық жағдайдың жақсаруы байқалмайды. Әлі күнге дейін қалпына келетін ресурстарды шектеусіз пайдалану бет алып келеді, қоршаған ортаның ластану деңгейі көтеріліп жатыр. Бұл адамдардың экологиялық мәдениеті жағынан дамымағандығын көрсетеді.

Экологиялық мәдениет дегеніміз – бұл адам санасының материалданған түрі, ол адамның ісінен, ойынан көрінеді. Осыған байланысты басты мәселе барлық деңгейдегі және жастардың экологиялық тәрбие алуы болып табылады. Экологиялық тәрбие туристердің табиғаттағы демалысы кезіндегі барлық қажеттілігін қанағаттандыруымен үзіліссіз байланыста болады.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерделеуде көп үлес қосқан және тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі қайта өндірілген ресурстарды кешенді қолданудағы Қазақстанның, ТМД мемлекеттерінің және батыстың дамыған елдерінің ғалымдарының еңбектері зерделенген. Өнімдер өндірісінде қалдықсыз тәсілді қолдану идеясын алғаш рет кеңес академик-ғалымдары Н.Н. Семенов, Б.Н. Ласкорин, И.В. Петров-Соколов ұсынған болатын. Пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны техногенді ластанудан зарарсыздандыру және оқшауландыруға арналған республикада жүргізілген экономикалық ұйымдас-

тырылған әлеуметтік техникалық іс-шаралар жалпыландырылған [1].

Қоршаған ортаның ластануынан болатын зиян экономикалық, экологиялық және әлеуметтік болуы мүмкін. Экологиялық зиянда қоршаған ортаның, гидросфераның, флора мен фауна жағдайлары нашарлап, ахуалы төмендейді деп түсінген жөн. Ал әлеуметтік зиян адам денсаулығының нашарлауы мен әлеуметтік тұрмыс жағдайының төмендеуінен байқалады. Экономикалық зиянды ластану әсерінен болған келеңсіз өзгерістердің негізгі сипатын ақшалай бағалау деп түсінген дұрыс. Зиянның тигізетін салдары өте кең спектрлі – металдардың жылдам коррозияға ұшырауымен, ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуімен, флора мен фаунаның құруымен байланысты адам денсаулығының нашарлауы, шығындар.

Туындаған мәселелердің өте маңызды екенін мойындай отырып, мемлекет оларды Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа қосылуын жеңілдететін өркениетті жолмен шешуге айрықша назар аударуда. Құбылыстардың тәуелді кірігу процесі экономикалық, әлеуметтік дамудың жалпы сипатын айқындауға экологиялық әсері артқанын көрсетеді.

Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына байланысты XX ғасыр адамзатқа көптеген игіліктерді алып келді, сонымен қатар «Жердегі» өмірді экологиялық катастрофа шегіне қойды. Халық санының өсуі, Жерді ластайтын өндіру мен қалдықтардың интенсификациясы табиғаттың жергілікті өзгерістеріне алып келеді және де адам өмір сүруінде де із қалдырады. Бұндай өзгерістердің көп бөлігі өте күшті және таралу аймағы көп болғандықтан глобалды экологиялық проблемалар туындайды.

Мемлекеттік экологиялық саясат – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол аймақтық, өнеркәсіптік, инновациялық және тағы да басқа саясаттармен бірге әлеуметтік-экономикалық өсудің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қоршаған орта жағдайының нашарлауына жол бермеу мәселелерін міндеттейді. Мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыруда бірқатар құжаттар қабылданды: Қазақстан дамуындағы ұзақ мерзімді стратегияның «Экономика және табиғи ресурстар» деп аталатын бөлімі, Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі

гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, гео-экологиялық және тағы басқа мемлекеттік бағдармалар жасады.

Адамзаттың экологиялық проблемалары әлеуметтік және экономикалық проблемалармен өте тығыз байланысты. Аймақтық экологияның проблемалары әлеуметтік мүлік теңсіздіктері мен геосаяси сілкіністердің тікелей ошағы болып табылады. Осы проблеманың көпшілігін тек экологиялық себептерге ғана емес, сонымен қатар экономика мен қоғамдық идеологиялық саясатқа да байланысты. Қазіргі таңдағы экология оларды кешенді түрде зерттеп және шешудің маңызды ғылыми негіздерін енгізуде.

Қазіргі кезде ғаламшардың экологиялық проблемасын түсіну, экологияның жаңа идеологиясы мен әдіснамасын жасау үшін табиғатты пайдаланудағы тәжірибелік істерді, экологиялық білімді дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Осы күнгі экологияның жалпы міндеттерін ғылыми іс-тәжірибелік жоспарда ауқымды түсінік бойынша төмендегідей қалыптастыруға болады:

- Ғаламшар табиғаты жағдайының және оның ресурстарының жан-жақты диагностикасы, ортаның ластануы мен адамзат әрекетінен биологиялық қорлардың алынуына себеп адамның ісінен, антропогендік қысымға қатынасы бойынша биосфераның шыдамдылық шамасын анықтау;

- биосферасы ең маңызды өнім әлеуетінің табиғатын кешенді түрде толығымен қалыпты өзгеруінің, сонымен қатар қоршаған ортаның аймақтық және ғаламдық жай-күйін, аймақтың және адамзаттың толық әлеуметтік дамуының әр түрлі елдердің түрлі сценарийі негізінде болжауын жасау;

- табиғатты күштеп бағындыру идеологиясынан алшақтау, эксцентризм әдіснамасы мен жаңа идеологияны қалыптастыру, өнеркәсіп өркениетіне өтуге байланысты білімді, саясатты, техниканы, өндірісті, экономиканы экологияландыруға бағытталған шаралар;

- оңтайландыру критерийлерін орындау – экологиялық өктемдік пен анағұрлым келісімді таңдау мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының экологияға қарай бет түзеуі;

- адамзат қоғамының стратегиялық әрекетінің экономикасы мен технологиясы, табиғат шыдамдылығы шегінің экологиясына сәйкес шаруашылық қызметінің сипаты мен

көлемін қалыптастыру ғаламдық экологиялық дағдарысты болдырмайды.

Экономикалық даму жалпы алғанда табиғи ресурстар қорына тәуелді болғандықтан, экологиялық проблемаларды экономикалық жоспарлау шеңберінде қарастыру қажет. Егер бұл жүйенің біреуінде өзгеріс болса, екіншісіне әсер етеді, сондықтан да экономика мен табиғат байланысы маңызды орын алады. Экологиялық проблемалар жоспарлаудың барлық сатысын қамтуы керек, ал экономиканың дамуы экологиядан тысқары қалмауы қажет.

Қазіргі заманда қалыптасқан экологиялық жағдайлардың туындау себептері:

1. Ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) дамуы – табиғат ресурстардың қорының азаюымен қатар олардың тозуы, ластануы, экологиялық жағдайлардың шиеленісуімен үздіксіз ұлғаюда. Дамудың жаңа сатысы: ҒТП негізіндегі жоғары технологияға ауысу, табиғатты пайдаланудың жаңа стратегиясының қалыптасуы арқылы жүзеге асады. Оның өзі өз кезегінде мемлекеттік және қоғамдық экологиялық саясатты қалыптастырады.

2. Айнала қоршаған ортаның ластануы адам баласының тіршілік ортасын сапасыздандырып бүкіл қоғамның қалыпты дамуына кері әсерін тигізуде. Бүкіл дүние жүзі қоғамдастықтарымен қатар Қазақстандықтардың да қалыпты салт-тұрмысы экологиялық жағдайларға қарай тұрақсыздық, алаңдаушылық күйге түсуде. Сондықтан елдегі экологиялық жағдайлар экономия тәуелсіздігіне де әсерін тигізуде.

3. Экологиялық жағдайлардың нашарлай түсуі Қазақстан жағдайында бұрын-соңды болмаған жаңа проблемалар тудыруда. Олар – ауа, су, топырақ ресурстары мен өсімдік пен жануарлар әлеміндегі соңғы жылдардағы өзгерістер.

4. Антропогендік қысымдар табиғат ресурстарының барлық түріне тікелей және жанама әсер ете отырып кейбір жағдайда қайтымсыз экологиялық апаттар әкелуде. Мәселен, Қазақстан Республикасының барлық жерінің (180 млн-ге/60) шөлге айналуы бүкіл мемлекеттік проблемалар тудырып отыр. Сол сияқты республиканың барлық жерінің 30 млн га көлемін өнеркәсіп, транспорт, елді мекендер, т.б. нысандар алып жатыр. Солтүстік Қазақстан бойынша құнарлы жерлердің 25-30/жарамсызданса, Батыс Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібінің

өнімдерімен ластану 100 мың га жерді, техногенді ластану 2,5 млн. га, жайылымдардың деградацияға ұшырауы 3 млн. га жерді қамтып отыр. Әсіресе Азғыр мен Тайсойған полигондары қамтып отырған 1,4 млн га жер радиоактивті ластануға көміліп отыр. Ал Каспий теңізінің 268 млн га жағалауы су астында қалып мұнай өнімдерімен ластану одан әрі етек алуда. Күрделі экологиялық шиеленістер Орталық Қазақстанды да қамтуда. Онда-техногендік, өндірістік ластану, топырақтың бөлінуі жайылымдардың тозуы, металдармен ластануы, радиоактивтілік және ракета-космос қалдықтарымен (Бетпақдала) ластану жоғары деңгейге жетуде. Оңтүстік Қазақстандағы экологиялық жағдайлар Арал өңіріне тән Амударья мен Сырдарья бассейнінің 2 млн га жерін шөлге айналдырды. Сорға, тақырға айналған жерлер мен Арал табанындағы тұздар экожүйелердің қайтымсыз бүлдіруде. Осы өңірдегі қара сексеуіл орындарының 300 млн га құрып кетуі өкінішті жағдай [2].

Шу-Мойынқұм, Балқаш-Алакөл аймақтарының да экологиясы мәз емес. Әсіресе Қапшағай, Тасөткел су қоймаларының салынуы, суды көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарының егілуі суармалы жерлердің тозуына әкеліп соқты. Іле өзенінің суының

10-15. Қытай Республикасының алуы бұл өңірде қауіпті жағдайлар туғызуы әбден мүмкін.

Шығыс Қазақстан жағдайында да экологиялық проблемалар жеткілікті. Түрлі-түсті металлургия, вольфрам, уран, корғасын, мырыш өнеркәсіптері елді мекендер мен қала тұрғындарына ажал оттарын тұтатуда.

5. Әлемдік климаттың өзгеруі Қазақстанның барлық ауыл шаруашылығына орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Агроценоздардың өзгеруі топырақты құнарсыздандырып, ауыл шаруашылық өнімдерін кемітуде. Жыл сайын егістіктерден 2,5 млн.т қоректік элементтер қайтымсыз жоғалуда. Ол үшін жыл сайын 1,8 млн.т. фосфор, 1,1 млн.т. азот, 0,4 млн.т. калий тыңайтқыштары берілуі тиіс болса, ол көрсеткіш 60-70/ азаюда. Қазірдің өзінде Қазақстанның қара топырағының 22,5 /-інің қарашірігі қайтымсыз жоғалды.

6. 1949-1996 жылдар аралығында Қазақстан жерінде 503 ядролық қару сыналды. Ол 20 млн.га жердің тоз-тозын шығарып, тіршіліксіз экожүйелерге айналдырды. Нәтижесінде, 3,4 млн. адам тұратын елді мекендер қамтылды әрі зардап шегіп отыр. Қазақстанда қазіргі кез-

де 16 млн.т қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам Мутагенез ауруына шалдығып отырғаны анықталған. Егер де соңғы келісімдер бойынша шетелдердің радиоактивті қалдықтарын біздің жерімізде сақтауға рұқсат етсек не боламыз? Бұған ешбір жол беруге болмайды.

7. Қазақстандағы жоғарғы қысқаша тоқтаған экологиялық жағдайлар туралы ақпараттар – мәліметтер көпшілікке жетпейді. Тіпті, полигондар қамтып отырған аймақтардың тұрғындары өзінің ауруының неден болғаны туралы хабарсыз. Оның өзі “адам құқын” бұзғандық және үкіметіміздің жариялылық-демократиялық мемлекетті құрудағы ағаттықтар деп білу керек.

8. Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау, оның зардабынан сақтану, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін көпшіліктің білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін Елбасының қолдау көрсетіп отырған экологиялық саясатын, яғни көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беруді жүйелі түрде іске асыру керек. Барлық оқу орындары жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беруді саяси әлеуметтік деңгейге көтере отырып, болашақ ұрпақтарды тәрбиелеуде аға ұрпақтың өнегелік парызын өтеу керек екенін ұмытпауымыз керек.

9. Табиғаттағы өзгерістерге байланысты болжамдар. Кез келген архитектуралық, шаруашылық объектілерін, ірі өндіріс орындарын салуды жобалау кезінде олардың экологиялық шығынның, бағасын есептеумен қатар, табиғат кешендеріне тигізетін әсерін ескеру қажет. Бұл ретте бірнеше назарда олардың жергілікті тұрғын халқының денсаулығына тигізетін зардабы болуы тиіс.

Қазақстандағы өндіріс орындарына байланысты туындаған экологиялық проблемалар көп жағдайда, алдын ала ескерілмеген себептерге негізделген. Қарағандыдағы, Шымкенттегі, Жамбылдағы, Алматыдағы т.б. қалалардағы кейбір заводтардың табиғатқа теріс әсерлері соған дәлел. Бұл – өндіріс орындарының топырақты, ауаны ластауын болдырмау үшін жергілікті жер ерекшеліктерін ескермегендіктен туындаған мәселе. Бұл орайда атом станцияларын жобалау негізінде олардың қауіпсіздік жағын қорғау ды жан-жақты есептеу қажет.

Сонымен, экологиялық мәдениетті қалыптастыру дегенімізде қоршаған орта-

ны қорғау аясындағы мамандарды даярлау экологиялық мәдениет қалыптастыру және кәсіптік дайындық мақсатында жалпылық және кешендік экологиялық білім беру жүйесі орнатылады. Оған жататындар: мектепке дейінгі және жалпы, орташа, кәсіптік және жоғары кәсіптік,

ЖОО кейінгі кәсіптік білім беру, кәсіптік қайта дайындық және мамандар дәрежесін жоғарылату, сонымен қатар ақпарат көздері арқылы мұражай, кітапханалар, мәдениет мекемелері, спорт және туризм мекемелері арқылы экологиялық білімді тарату.

Әдебиеттер

- 1 Сейдуалин Д.А. Экологический менеджмент. – Алматы, 2006.
- 2 Есенәлина Н. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың философиялық негіздері // Қазақстан мектебі. –2001. – №6. – 23-25 б.
- 3 Рахимова А.У. Государственная экологическая политика Республики Казахстан: сравнительно-политологический анализ. – Алматы, 2005. – 45 с.
- 4 Сериков Ф. Экологический мониторинг Казахстанского сектора Каспийского моря и месторождения Тенгиз // Вестник высшей школы. – 2002. – №3. – С.116-127.
- 5 Оценка экологической ситуации на шахте «Западный Каражал» (научное издание) //К.Е. Есмагул, Г.М. Байназарова, З.С. Ажибаева и др.; Қарағанды. – Қарағанды, 2006. – Ч.1. – С.106-107.
- 6 Дубаев, Р. К. Правовое регулирование участия общественных экологических организаций в охране окружающей среды в Республике Казахстан. – Алматы, 2005. – 28 с.
- 7 Амерханова, Ш. К. К вопросам экологического мониторинга //Межвузовская науч.- практическая конф. студентов и аспирантов "Экологические проблемы Республики Казахстан и пути их решения". – Караганда, 2001.